

**«Қазақстан тарихы» кафедрасында 2022-2023 оқу жылының 1 семестрінде
жүргізілген тәрбие жұмыстарының
ЕСЕБІ**

1) 09.09.2022 ж. Қарағанды қалалық әкімдігінде Алаш қайраткері, көрнекті ғалым Әлімхан Ермековтің есімін ұлықтауға арналған сәулет жобасының таныстырылымына арналған жиын өтті. Қарағанды қалалық мәслихатының хатшысы Құдайберген Бексұлтановтың басқаруымен өткен іс-шараға қалалық кеңес мүшелері, журналистер, қоғам белсенділері, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың тарих факультетінің ғалымдары, сондай-ақ Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.А. Темірғалиев, доценттер Б.Г. Нұғман, С.С. Касимова, студенттер қатысты. Бас қосуда Алаш қайраткерінің бейітін жөнге келтіру, ұлттық нақышта әрлеу, мазарға апаратын жаяу адам жүретін жол бойын абаттандыру мәселесі талқыланды. Бейіттің сәулеттендіру ісін қолға алған Қарағанды сәулетшілерінің жобалары көрсетіліп, жиналған қауымның көңілінен шықты. Өз кезегінде алдағы уақытта іске асырылатын бұл жобаға Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті студенттерінен құралған еріктілер тобы қолқабыс жасауға әзір екендіктерін білдірді.

2) 01.10.2022 ж. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.А. Темірғалиев бастаған кафедраның ғалымдары мен оқытушылары Шет ауданы Талды ауылының төңірегінде орналасқан Талды археологиялық кешеніне барып қайтты. Тарихи-танымдық сапарға сонымен қатар академик Е. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың профессоры, тарих ғылымдарының докторы З.Г. Сақтағанова, қонақтар қатысты. Олар 2016 жылы Қаражартас қорымынан табылған қола дәуірі тарихының асыл мұрасы болып табылатын Сарыарқа пирамидасын тамашалады. Қорым бұдан 3,5 мың жыл бұрын соғылған. Соған қарап қорымды зерттеген археологтар пирамида жасау технологиясы Ежелгі Қосөзен жеріне, Египетке қазақ даласынан, Арқа жерінен ауып баруы мүмкін деген болжам айтады. Пирамиданың төрт бұрышы жердің төрт тарапына: оңтүстік пен солтүстікке, шығыс пен батысқа қарата соғылған. Бұл қазақтардың дүниені төрт құбылаға бөлетін ұғымына сай келеді. Кесене биіктеген сайын, тас плиталардың ені қысқарып, баспалдағы биіктей түседі. Кесенедегі ауыр плиталарды ежелгі адамдар өзен жарқабағындағы құздардан тасыған әрі кескен, ауқымы 15/15 метр, биіктігі 5 метрден кем емес.

Талды ауылының тұрғыны, зейнеткер ұстаз Бәкір ағай Талды археологиялық кешеніндегі қорымдар мен молалардың тарихы жайында және өңірде туризмді дамыту, болашақта «Талды» археологиялық паркін ашу жоспарлары туралы әңгімеледі. Сапарға қатысушылар сонымен қатар жоңғарларға қарсы күрескен қазақтың батыры әрі биі Сеңкібай Оразғұлұлының кесенесіне зиярат етіп, құран бағыштады.

3) 26.10.2022 ж. «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Б.Г. Нұғманның ұйымдастыруымен мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Кенесары хан – мемлекет қайраткері» атты ЖООаралық студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Конференцияның мақсаты: Патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру. Міндеттері: Жастарды еліміздің тарихының құндылықтары негізінде тәрбиелеу және маман болып қалыптасу мақсатында қоғам мүддесіне бағытталған шығармашылық әлеуетке қолдау көрсету.

Конференция 3 бағытта жүрді:

1. Кенесары бейнесі ұрпақтар санасында
2. Кенесары бейнесі халық әдебиетінде
3. Тарихи зерттеулердегі Кенесары бейнесі

Конференция басында Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың профессоры, т.ғ.д. Сактаганова З.Г., «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, фс., ғ.к., доцент Темиргалиев К.А., т.ғ.к., доцент Касимова С.С. құттықтау сөз сөйледі.

Конференция барысында келесі баяндамалар тыңдалды:

1. Щепин Дмитрий, Сарымсакова Жасмин, Толегенова Гаухар, Бағат Марғұлан - ҚМУ, ЖМ факультеті, 1006 тобы студенттері (ғыл. жетек., Бахыт Баяновна).

2. Бейбітшілік Жаннұр, Тоқтаров Азат, Ермагамбетов Жандос - ҚМУ, ЖМ факультеті, 1006 тобы студенттері (ғыл. жетек., Гулайым Байжановна).

3. Базыл Мерей, Байдулла Ақжүніс, Ирискулова Дурдона - ҚМУ, ОЗ факультеті, (ғыл. жетек., Әли Меруерт Төлеуханқызы).

4. Садуақасов Дархан группа Ю-22-2, Әбдәшім Сымбат группа МО-22-1к - ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚарУ, (ғыл. жетек., Советник ректора Абилов Қосман Жакупаевич).

5. Алишев Ринат, Ақиқат Ақниет - ҚарУ, тарих факультеті, (ғыл. жетек., Қуаныш Есімханұлы).

5. Аношин А.А., гр. ИС-22-3, Алтынбеков А.М., Жамбеков А.Б. гр. ИС-22-4 - ҚТУ, (ғыл. жетек., Жазида Болатовна)

6. Болатбекова Дарина Нурлановна РЭТ-22-2 (ғыл. жетек., Айнагүл Есімсейтова)

7. Серік Диас, АйУ-22-2, (ғылыми жетекші Касимова С.С.)

8. Абилпеисова Мерей ИС-22-1с, Сағат Төлеген, Шаймарданов Нұрасыл, Аманжолов Темірлан, Ғалымжан Санжар, Тулепбергенов Талғат - (ғылыми жетекші Уразбаев Хамит Курентаевич)

9. Боранбай Алмат, Нурманов Нұрасыл АйУ-22-1с - (ғылыми жетекші Уразбаев Хамит Курентаевич)

10. Мұса Жандос, Балабиев Ильяс АйУ-22-1с - (ғылыми жетекші Уразбаев Хамит Курентаевич)

11. Аимбеков Мирас СИБ-22-3 - (ғылыми жетекші Лабуда Бауыржанқызы)

12. Адилов Арнұр, Жаныбек Айтуар, Илияс Бекзат, Жантөре Нұржігіт, Мұрат Бейбарс, Қалжанова Ақниет, Бақытжанқызы Айжан, Төлеухан Назерке, Төлеу Дильназ - МАШ-22-1 (ғылыми жетекші Нұғман Б.Ғ.)

13. Ермекұлы Сәкен, Тажекеев Марғұлан, Шанақбай Арсен, Талғатұлы Абдулла - ИС-22-1 (ғылыми жетекші Нұғман Б.Ғ.).

Үздік жұмыс иегерлері ҚарТУ ТЖ жөніндегі проректоры тарапынан арнайы сертификатпен марапатталды және Instagram параөшасында жарияланды.

4) 27.10.2022ж. ҚарМТУ 214 аудиторияда сағат 12.00-де Тауке ханның: «Жеті жарғы» - ата заңның түп негізі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті: Тауке ханның: «Жеті жарғы» - ата заңның түп негізі.

Іс-шараның мақсаты: Қазақ хандығының құқықтық жүйесінің қалыптасу кезеңдерін қарастыру, студенттердің Қазақстан тарихын оқуға деген қызығушылығын ояту, мақтаныш пен патриоттық, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға ықпал ету. Адамгершілік, ізгі қасиеттер мен ар-ождан бостандығына, адалдық пен мейірімділікке баулу арқылы құқықтық тәрбие беру. Тәуке ханның «Жеті-Жарғы» заңдарымен, қазақ билерінің қоғам өміріндегі рөлі туралы таныстыру.

Дөңгелек үстелге «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, фс.ғ.к. Қ.А. Темірғалиев, кафедра оқытушылары, т.ғ.д., профессор З.Ғ. Сақтаганова, т.ғ.к., сондай-ақ Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ студенттері қатысты.

Шара барысында Қазақ хандығындағы құқықтың бастауы сияқты мәселелер; Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан тұсындағы заң кодекстерін қабылдау қажеттілігі; Қазақ хандығының құқықтық жүйесінің демократиялық сипаты туралы айтуға болады ма; Қазақстан Республикасы мен Қазақ хандығының құқықтық жүйесінің арақатынасы қандай? – деген мәселелер қарастырылды.

Дөңгелек үстел қонақтарымен әңгімелесудің арқасында студенттер жоңғарлардың (1680-1718 жж.) қазақ жеріне жасаған шабуылы, оның маңызды сауда жолдарын жауып

тастағаны, жоңғарлардың тұрақты шапқыншылықтары бейбіт халықтың ауыл шаруашылығына үлкен зиян келтіргені, тек, Тәуке ханның осы кезеңде Қазақ хандығындағы саяси жағдайды қалыпқа келтіре алғаны турасында мағлұматтар ала алды. Сонымен қатар, Қазақ хандығының құқықтық мемлекеті мен мемлекеттік құрылымының негізгі принциптерін анықтайтын «Жеті-Жарғы» әдет-ғұрып құқығы кодексінің маңызын ашылып, студенттердің құқықтық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті. Іс-шараны ұйымдастырған т.ғ.к., доцент Х.К. Уразбаев, п.ғ.м., оқытушы Л.Б. Жақыпқанова.

5) 05.11.2022 ж. Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың Энергетика, автоматика, телекоммуникациялар, Инновациялық технологиялар факультеттерінің 1 курс студенттері (барлығы 50), «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. А.Е. Даниярова Долинка поселкесіндегі Қарлаг музейіне экскурсияға барды. Студент жастарға патриоттық тәрбие беру, туған өлке тарихын тереңірек білу, Қазақстан тарихының қасіретті оқиғаларының себептерін білу, оқып үйрену мақсатында экскурсияны «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті С.С. Касимова ұйымдастырды. Музей Қарағанды еңбекпен түзеу лагері тарихының ескерткіштерін зерттеу және сақтау және сталиндік саяси қуғын-сүргін саясатының жазықсыз құрбандарына тағзым ету, есте қалдыру мақсатында құрылған. Музей қызметкері студенттерге КСРО-дағы 20-30-жылдарда жүргізілген сталиндік жаппай қуғын-сүргін саясаты құрбандарының, Қазақстанға депортацияланған халықтардың қасіретті тағдырлары туралы баяндады. Қарлагтың қабырғасында ғылым мен мәдениеттің атақты адамдары А.Н. Чижевский, Н. Сац, Л. Русланова және т.б. жазықсыз отырды. Жалпы алғанда Қарлаг тұтқындары Ұлы Отан соғысы жылдарында фашизмді жеңуге үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар студенттер тұтқындарға арналған камера, комендатура залдарында болып, экспонаттармен танысты. Экскурсиядан студенттер үлкен әсермен оралды. Осындай іс-шаралар жастарды туған өлке тарихын тереңірек біліп қана қоймай, өткенге құрметпен қарауға тәрбиелейді.

6) 17.11.22 ж. Кеңес Одағының Батыры М. Мәметованың, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т. Бегелдиновтың, Халық Қаһарманы Х. Доспанованың туғанына 100 жыл толуына арналған «Ерлік өлмейді» жобасы аясындағы «Жеңіс Батырлары» халықаралық интернет-байқаудың қорытындысы шығарылды. Байқауды ұйымдастырушы Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен Жайық Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы. Байқауға 15 пен 24 жас арасындағы ТМД, Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінен барлығы 100 аса адам қатысты. 80 бейнероликтер қаралды, олардың 74-і кітапхананың ресми Ютубканалында арнайы плейлистке қойылды: <https://www.youtube.com/channel/UC4hUSaYAAx-1lerXjZyTKKw>.

Байқау жұмыстарын қарап, жеңімпаздарды анықтау үшін әділ қазылар алқасы 5 адамнан тұрды: Сактаганова Зауреш Галымжановна – т.ғ.д., Е.Бөкетов атындағы ҚарУ профессоры, Касимова Сауле Суюндыковна – т.ғ.к., Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті және т.б.

17 қарашада жеңімпаздарды марапаттау рәсімі өтті:

Гран-При - Амангелді Алина (Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауылы, Т. Жароков атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы);

I дәрежелі диплом - Абдыхалық Рамазан (Ш. Уәлиханов атындағы кадет корпусы, Ақмола облысы, Щучье қаласы); Сабитова Лунара (Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек селосы аудандық демалыс орталығының дирижері);

II дәрежелі диплом - Гуцин Данила, Климентёнок Полина (11 сынып оқушылары, Ресей. Псков облысы, Невель қаласы.); Шілдебай Нәзір (Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рахымов атындағы Шымкент республикалық «Жас ұлан» мектебі);

III дәрежелі диплом - Джумалиев Бекжан (Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек селосы, №1 мектеп-лицей); Хайрулин Владлен (№ 134 лицей, Алматы қаласы);

Онлайн халықтық дауыс берудің жеңімпаздары – Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушілері Медетақын Марғұлан, Аманкелді Оразай, Орманғали Оразғали, Жолдыбаев Бекболат;

Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының грамотасы - Бижанов Арсен (Қарағанды көлік-технологиялық колледж); Толеген Ислам (Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебі);

Жайық Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасының грамотасы - Мусаев Шакиржан (Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т. Бегелдинов атындағы Қарағанды республикалық «Жас ұлан» мектебі).

7) **18.11.22 ж.** Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38 мекен-жайы бойынша Академик Е. А. Бөкетовтың мемориалдық мұражайына экскурсия өткізілді. Іс-шараны «Қазақстан тарихы» кафедрасының ПОҚ ұйымдастырды: т.ғ.к., аға оқытушы Әмірханова Ж.Б., іс-шараға қатысушылар: «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ І курс студенттері: БТ-22-2, ОПИ-22-2 ФИТ факультеті (барлығы 14 адам)

Экскурсияның мақсаты: ел тарихымен танысу, отансүйгіштік пен өз Отанына деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

Міндеттері: - аналитикалық ойлауды дамыту;

- білім алушыларға ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- Қарағанды қаласындағы жоғары оқу орындарының тарихы туралы білуге деген қызығушылық пен ынтаны ояту;

- өз Отанына деген патриоттық сезімдерді тәрбиелеу.

Экскурсия академик, химия және металлургия саласындағы қазақстандық ғалым, химия ғылымдарының докторы Е.А. Бөкетовтың өмірі мен қызметіне арналды. Музейдің бас экскурсоводы Аяулы Адамбекқызы өз сөзінде Қарағанды облысының студент жастары Қазақстанның болашақ дамуында басты рөл атқаратынын атап өтті. Студенттер 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастап Қарағанды мемлекеттік университеті аталған ЖОО-ның бірінші ректоры болған Е.А. Бөкетовтың есімімен аталатынын білді. Мұражайда студенттер Е.А. Бөкетовтың қызметін ашатын мұрағаттық құжаттарды, ғылыми материалдарды, академиктің өзі жазған кітаптар, сыйлықтар, грамоталар, марапаттарымен танысты.

8) **21.11.2022 ж.** тәрбиелік жұмысының жоспары бойынша Сиб-22-2, Сиб-22-3 тобында Ағыбай батырдың 220 жылдық мерей тойына байланысты дөңгелек үстел өткізілді. Модераторлар аға оқытушы Ошанов Н.З., Сиб-22-2 тобының студенті Тұрғын Ш., Сақабай Б., Бауыржан Ж. Қонақтар: филология ғылымдарының докторы, проф. Исмакова Б, ҚарУ тарих факультетінің деканы т.ғ.к.. доцент Жумабеков Ж. және батырдың ұрпақтары. Ағыбай Қонырбайұлының кесенесі жөнінде, өмір баяны мен ерлігіне бейне фильм, және презентация жасалды. Студенттер Ағыбай батырға арналған өлеңдер оқыды, студенттер жолаушылардан батыр туралы бейне интервью алғанын көрсетті. Келген қонақтардың бәрі сөз алып қызықты әңгімелер айтты. Ұрпақтары «Ағыбай батыр» кітабін сыйлық етті. Дөңгелек үстел студенттердің орындауында қазақтың рухын оятатын «Адай» күйімен аяқталды. Дөңгелек үстелге жауапты «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Ошанов Н.З.

9) **26.11.2022 ж.** «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының ұйымдастыруымен (жауапты – т.ғ.к., доцент Касимова С.С.) Жыл сайынғы 1 курс студенттері арасында (барлық мамандықтардың) «Қазақстан тарихы» пәнінен олимпиада өтті.

Олимпиада екі турдан тұрды:

1 тур – эссе жазу.

2 тур – тест тапсырмаларын орындау.

Алдын ала дайындалып келуге берілген эссе тақырыптары:

1. Ахмет Байтұрсынов ХХІ ғасыр жастарының көзімен

2. Жаңа Қазақстанды құрудағы жастардың ролі

Жеребе бойынша «Жаңа Қазақстанды құрудағы жастардың ролі» эссе жазу анықталды.

Әділ қазылар алқасы мына құрамда құрылды: төраға – Теміргалиев К.А.- «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, фс.ғ.к., доцент, мүшелері: Касимова С.С. – т.ғ.к., доцент, Жақыпханова Л.Б. – оқытушы, п.ғ.м.

Олимпиадаға барлығы 30 студент қатысты. Әділ қазылар алқасының шешімімен олимпиада қорытындысы шығарылды, жеңімпаздар анықталып, грамоталармен марапатталды.

Қазақ тіліндегі жұмыстар бойынша:

1 орын - Утегенов Рустам (Маш-22-1), жетекшісі: Нұғман Б.Ғ. **фс.ғ.к., доцент**

2 орын - Бейсембеков Алижан (Маш-22-1), жетекшісі: Нұғман Б.Ғ., **фс.ғ.к., доцент**

2 орын - Тургимбек Фарух (ЭЭ-22-1с), жетекшісі: Уразбаев Х.К., **т.ғ.к., доцент**

3 орын - Қазисханова Айбану (АиУ-22-1), жетекшісі: Касимова С.С., **т.ғ.к., доцент**

3 орын - Сажин Әділет (АиУ-22-2), жетекшісі: Касимова С.С., **т.ғ.к., доцент**

3 орын - Асайынов Мухамед (Вт-22-1), жетекшісі: Касенов Е.Б., **т.ғ.к., доцент**

3 орын - Шерім Арман (Сиб-22-1), жетекшісі: Жақыпқанова Л.Б., **п.ғ.м., оқытушы**

Орыс тіліндегі жұмыстар бойынша:

1 орын - Харисов Руслан (АиУ 22-3), жетекшісі: Даниярова А.Е.. **т.ғ.к., доцент**

2 орын - Ильяс Мадьяров (СИБ-22-7), жетекшісі: Сактаганова З.Ғ., т.ғ.д. профессор

2 орын - Данил Попов (СИБ-22-7), жетекшісі: Сактаганова З.Ғ., т.ғ.д. профессор

2 орын - Ли Диана (ИС-22-3), жетекшісі: Амерханова Ж.Б., **т.ғ.к., аға оқытушы**

3 орын – Гладких Андрей (АиУ 22-3), жетекшісі: Даниярова А.Е.. **т.ғ.к., доцент**

3 орын - Максимов Павел (ИС-22-2с), жетекшісі: Нурлигенова З.Н., **п.ғ.м., аға оқытушы**

3 орын - Тулузбаева Карина (Вт-22-1), жетекшісі: Теміргалиев К.А., **фс.ғ.к., доцент**

10) 02.12.2022 ж. «Қазақстан халқының мәдени-тарихи мұрасы контекстінде рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру» тақырыбын іске асыру аясында «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамымен «Менің Отаным – Қазақстан» атты жыл сайынғы XV студенттік ғылыми – теориялық конференция өткізілді.

Конференцияның мақсаты - отандық тарихты зерделеу кезінде студенттердің шығармашылық және ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін дамыту. Іс-шараның ұйымдастырушылары мен модераторлары тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А. Е. Даниярова және педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы З.Н. Нурлигенова болды.

Инновациялық технологиялар факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Е. Самашова және «Қазақстан тарихы» кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент К.А. Теміргалиев конференция қатысушыларына құттықтау сөз сөйлеп, өскелең ұрпаққа адамгершілік тәрбие берудің және қазіргі жастардың рухани қалыптасуына жағдай жасаудың маңыздылығын, конференция өткізудің өзектілігін атап өтіп, Тәуелсіздік күнінің мемлекеттік мерекесі қарсаңында баяндамашыларға шығармашылық табыс пен қызықты қойылымдар тіледі.

Конференцияда «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ және «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ I курс студенттерінің келесі секциялар бойынша 15 баяндамасы (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ұсынылды:

1 бөлім. Жаһандық әлемдегі Қазақстан мәдениеті

2 бөлім. Ұлы Дала тарихындағы тұлға

3 бөлім. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері

Өз сөздерінде студенттер өткізілетін іс-шараға жоғары дайындығын көрсетті, баяндамалар тақырыптарының өзектілігін нақты негіздей алды, алға қойылған ережелерді лайықты қорғады. Конференцияға қатысушылар мен қонақтар қызу пікірталас өткізіп, кейде күтпеген сұрақтар қойды

Конференцияны қорытындылай келе, «Қазақстан тарихы» кафедрасы меңгерушісінің м.а., философия ғылымдарының кандидаты, доцент К.А. Теміргалиев барлық қатысушыларға білім беру процесінің барлық бағыттарында белсенді болуға ұмтылыстары мен талпыныстары үшін алғысын білдірді. «Менің Отаным – Қазақстан» XV студенттік ғылыми-

теориялық конференциясына белсенді қатысқаны үшін барлық қатысушылар университеттің жастар саясаты департаментінің директоры Р.Р. Бузяковтың атынан алғыс хаттармен марапатталды.

11) 06.12.2022 ж. Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасында желтоқсан оқиғасы арқылы жүздеген жылдар бойы армандаған егемендігіне қол жеткізген, бабаларымыздың қанымен, білегінің күшімен, найзасының ұшымен келген киелі де қасиетті еліміздің Тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты кездесу кеші өтті. Кешке Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Энергетика, автоматика және телекоммуникациялар» факультеті «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша 1 курс студенттері, Қарағанды қаласы «Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің» тәрбиеленушілері, жастардың «Ровесник» клуб мүшелері, кітапхана қызметкерлері қатысты. Шараның арнайы қонақтары Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің доценті, т.ғ.к, Касимова Сәуле Сүйіндікқызы ата-бабамыздың ежелден келе жатқан арманы – Тәуелсіздік, халқымыздың бостандыққа ұмтылысының және өшпес қайсар рухының арқасында қол жеткен, бұл күнге дейін жеткен ұмытылмас оқиғалар – ел бостандығын қорғау соғыстары мен ұлт-азаттық көтерілістердің тарихымызда өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталғаны жөнінде баяндады. Желтоқсан оқиғасының куәгері Абдрахман Абай мырза Тәуелсіздіктің түп – тамыры Желтоқсан оқиғасына тікелей байланысты екеніне, 1986 жылдың қайғылы желтоқсаны бір күнгі немесе бір жылғы наразылықтың көрінісі емес, бостандық деп аталатын асқақ арман жолында қаншама қан төгіп, қаншама батыр мерт болған, бұл арпалыс бір күн, бір жыл, бір мезет емес, талай ғасырларға созылған оқиға жайында әңгімелеп берді. «Ровесник» жастар клубының қызметкері, тарихшы Тілеубергенов Қайыржан Кәрімұлы басынан талай қиындықты кешірсе де, ешқашан мойымай, күресе білген, азаттық таңы туатынына кәміл сеніп, үміттерін үзбеген - Қазақ халқының қайсарлығына тоқталды.

Тәрбие жұмысы бойынша жауапты

Касимова С.С.

**«Қазақстан тарихы» кафедрасы
меңгерушісінің м.а.**

Темиргалиев К.А.